29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Мазмұны айрықша Конституция Әділетті Қазақстанды құру ісіне заң тұрғысынан жол ашты. Енді Конституцияға сәйкес еліміздің Тәуелсіздігін, Егемендігін, кең байтақ жеріміздің тұтастығын, азаматтарымыздың заңды құқықтарын және бостандықтарын қорғау мемлекетіміздің басты, тіпті, қастерлі міндеті саналатын болды деп айтсақ, қате болмас. Баршамызға Тәуелсіздік – бәрінен қымбат асыл дүние. Тәуелсіздік болмаса, біздің халқымыздың келешегі тығырыққа тірелетіні анық. Сондықтан Тәуелсіздікті қорғау әрі нығайту – ең қасиетті борыш, ең қастерлі парыз!

№136
(5034)
Сейсенбі
17 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕҢ ЫҚПАЛДЫ РЕЙТИНГКЕ ЕНДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен әлемге танылған әнші Димаш Құдайберген мұсылман әлемінің 500 ықпалды өкілін танытатын 2027 жылғы «The Muslim 500» рейтингісіне енді. Тізімді Иордания астанасы Амман қаласында орналасқан Ислами стратегиялық зерттеулер корольдік орталығы (The Royal Islamic Strategic Studies Centre) жариялады.

Рейтинг көрсеткішінде Мемлекет басшысының аты-жөні «Саясат» категориясында, ал Димаш «Өнер және мәдениет» бөлімінде аталады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сипаттамасында рейтингті құрушылар Қазақстандағы саяси реформаларға тоқталады. Атап айтқанда, олар конституциялық референдумды, билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөліп қарастыруды және мерзімінен бұрын өткізілген президенттік сайлауды атап көрсетеді.

Ал Димаш Құдайбергенді рейтингіде өнер адамдары арасындағы алты октавадан тұратын бірегей дауыс диапазонына ие әлемге әйгілі орындаушы деп атайды. Оның музыкалық жетістіктерін, халықаралық гастрольдерін, YouTube желісіндегі танымалдылығын және гуманитарлық қызметін, соның ішінде Халықаралық көші-қон ұйымының ізгі елшісі ретіндегі жұмысы ерекше атап көрсетілген.



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ҚҰРДАСЫ

Тәуелсіздіктің төл құрдасы – Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының ашылғанына 35 жыл толды. Елордада өнер ошағының мерейтойына арналған бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Ұлттық театр» кітабының және театрдың шығармашылық құрамының өмір жолына арналған кітапшалардың тұсаукесері мен конференция өтті. Осы театрдың негізін қалаушы Жақып Омаров атындағы кіші зал ашылып, оның автопортреті мен аға буын актерлердің портрет галереясы таныстырылды. Осының бәрінің түйіні салтанатты кеш болды.

БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨБЕЙДІ

Мемлекеттің балаларға арналған инвестициясы үш есе өсті. Бұл туралы Құрылтайда «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының іске асырылуын талқылауға арналған Үкімет сағатында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова мәлім етті.

«2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді және әр баланың арнайы шотына тиісті қаражат аударылды. Осылайша, 2024 жылы 695,5 млн АҚШ доллары, 2025 жылы – 888,8 млн АҚШ доллары, ал 2026 жылы 901,7 млн АҚШ доллары аударылды» деді Жұлдыз Сүлейменова.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 7 миллионға жуық бала тұрады. Бұл – халықтың шамамен үштен бір бөлігі. Осы балалардың игілігі үшін мемлекет тарапынан салынған инвестиция үш есе өсіп, 6,4 трлн теңгеге жетіп отыр.



21-22 ҚАРАША

Жәрмеңке сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін қаланың үш алаңында өтеді:

Keruen Joly сауда орталығы – Алаш тасжолы, 35Б; «Ет әлемі» сауда орталығы – Алаш тасжолы, 31/1; Jurt сауда орталығы – Бейбарыс Сұлтан көшесі, 3.

STADLER СЕМЕЙГЕ АТТАНДЫ

Елордадағы «Нұрлы жол» вокзалынан Stadler вагондарынан жасақталған жаңа жолаушылар пойызы алғаш рет Семейге аттанды.

Алғашқы рейске пойыздағы барлық орынның 90 пайызы, яғни 467 билет сатылды. Жаңа вагондар №153/154 «Нұрлы жол – Семей» пойызының құрамында күнара қатынайды. Пойыз Астанадан сағат 16:40-та аттанып, келесі күні таңғы 06:10-да Семейге жетеді. Кері бағытта Семейден сағат 15:00-де шығып, Астанаға келесі күні 05:05-те келеді.





№136 (5034) 17/11/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



ЖАҢА БАСШЫҒА МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Президент Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшылығымен жиын өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жаңа төрағасы Марат Ирменовті таныстырып, оған бірқатар міндет жүктеді.

Президент ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесін реформалау, ведомство алдына қойылған мақсаттарға жетудің жаңа тәсілдерін әзірлеу және қызмет тиімділігін арттыру қажеттігіне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң мен Тәртіп» қағидатының орындалуына, мемлекеттің экономика саласындағы ұлттық мүддесін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа және басқа да заң бұзушылықтарға қарсы іс-қимылға баса назар аудару керек екенін атап өтті. Сонымен қатар Президент кадрларды іріктеу тәртібін жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа төнетін қауіптің алдын алу, басымдыққа ие мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөніндегі профилактикалық шараларды күшейту туралы тапсырма берді.

***

Ақорда Ермек Сағымбаевтың қызметтен кету себебін түсіндірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ермек Сағымбаевты басқа жұмысқа ауысуына байланысты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы лауазымынан босату жөнінде шешім қабылдады. Бұл туралы Телеграмдағы арнасында Президент кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров хабарлады.

«Президент аталған арнайы қызметті реформалау міндетін табысты орындау мақсатында басшылық кадрлардың орнын ауыстыру қажеттігін ескере отырып, осындай шешімге келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ермек Сағымбаевты қызметтен босату туралы шешім қабылдағанда жемқорлық оқиғасына қатысы бар лауазымды тұлғаларды ұстау жағдайын да ескерді. Президенттің пікірінше, күштік құрылым қызметкерлері қателіктер жіберген. Осыған байланысты Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке қызметтік ескерту жарияланды. Жалпы, «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшыларының ісіндегі коррупциялық сипат еш күмән тудырмайды. Оны тергеу шаралары кезіндегі фигуранттардың әрекеттері растады» делінген хабарламада.

Президент кеңесшісі – Баспасөз хатшысының айтуынша, Президент жүргізіліп жатқан тергеу амалдарынан әуел бастан хабардар болған.

«Мемлекет басшысының жемқорлыққа қарсы күреске қатысты берік ұстанымы өзгермейді. Сондай-ақ бүгін Мемлекет басшысы Ішкі істер министрлігінің басшылық құрамымен жиын өткізді. Президент қызметтік тәртіпті нығайтуды, «Заң мен Тәртіп» қағидатына сай қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты міндеттерді атқару барысында полицияның кәсіби даярлық деңгейін көтеруді тапсырды. Министр Ержан Сәденовке полицияның қатардағы қызметкерлері мен офицерлік құрамы арасында тәрбие жұмыстарын күшейту керек екені айтылды» деп жазды Айбек Смадияров.

YKIMET

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ ҚАРҚЫНЫ АРТАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) миссиясының Қазақстан бойынша басшысы Амина Ларешпен кездесті. Жиында Қор миссиясының қорытындысы шығарылып, Қазақстан мен ХВҚ арасындағы өзара іс-қимылдың жақын және орта мерзімді кезеңдегі перспективалары талқыланды.

Премьер-министр елімізде жүргізілген институционалдық реформалар туралы хабардар етті. Шілде айында Әділетті әрі Күшті Қазақстанның негізін қалаған Конституция күшіне енді. Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында цифрлық экономиканы дамыту және экономикалық өсудің жаңа көздерін қалыптастыру бағытын жүзеге асыруды жалғастыруда.

Еліміздің экономикалық саясатын жетілдіру үшін халықаралық тәжірибені пайдаланудың және ХВҚ-мен сараптамалық диалог жүргізудің маңыздылығы атап өтілді. «Біздің диалог тұрақты миссиялар мен мақсатты консультациялар және ХВҚ тарапынан мемлекеттік органдарға техникалық көмек көрсету шаралары аясында жалғасуда. Осы миссияның қорытындылары бойынша ұсыныстар еліміздің макроэкономикалық және макропруденциалық саясатын одан әрі жетілдіру үшін пайдалы бағдар болады деп сенемін» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Амина Лареш миссия жұмысының қорытындысын жариялап, Қазақстандағы макроэкономикалық ахуалға оң баға берді. «Біз Қазақстанға Президент халыққа Жолдауын жариялап, инфрақұрылымды дамыту және адам капиталына салынатын инвестициялардың маңызды басымдықтарын белгілеп бергеннен кейін көп ұзамай келдік. Қазақстанның экономикалық әлеуетінің зор екенін атап өткіміз келеді. Біздің арамыздағы диалог пен ұсынылып отырған ұсынымдар азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге ықпал етеді деп үміттенеміз» деді кездесуде ХВҚ миссиясының Қазақстан бойынша басшысы.



ХВҚ-ның қазан айындағы болжамына сәйкес, Қазақстан экономикасы 2026 жылдың қорытындысы бойынша тұрақты өсім көрсетуді жалғастырады, ал келесі жылы экономикалық өсім қарқыны жеделдей түседі. Қордың мәліметінше, Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан, жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесінде сыртқы факторларға тұрақтылығын сақтап отыр. Дамудың басымдықтары баға тұрақтылығы, ақша-несие және бюджеттік саясатты үйлестіру, бюджеттік резервтерді қалпына келтіру және сауданы әртараптандыру болып саналады.

2026 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4,5%-ды құрады, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 4,9%-ға артып, 18,3 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында оң динамика байқалды, бұл ретте ең жоғары өсу қарқынын машина жасау (22,2%) және фармацевтика (50,9%) көрсетті. Ауыл шаруашылығы 5,2%-ға өсті.

Кездесу соңында Үкіметтің сындарлы диалогты қолдауға және перспективалы салаларда Қормен өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдетуге дайындығы расталды. ХВҚ-ның барлық ұсыныстары мен ұсынымдарын салалық мемлекеттік органдар зерттейді.

ҚҰРЫЛТАЙ

БАЛАЛАРДЫ ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Құрылтайдағы алғашқы Үкімет сағаты балалар қауіпсіздігі мәселесіне арналды. Басқосуда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қабылданған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру барысы талқыланды. Аталған бағдарлама әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім беру және қауіпсіздік салаларында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғаудың қолданыстағы тетіктерін біріктіреді.



БАЛАНЫҢ ID-КАРТАСЫ ПАЙДА БОЛУЫ МҮМКІН

Жыл басында қабылданған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының міндеттерін іске асыру шеңберінде депутаттар үш заң жобасын әзірлеген. «Жобада баланың жеке басын нақты анықтауға және сәйкестендіруге мүмкіндік беретін балалардың фотосуреті бар ID-карталарын енгізу жөніндегі халықаралық тәжірибе іске асырылды. Бұл балалардың қауіпсіздігін және бала құқықтарының іске асырылуын цифрлық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Әртүрлі бағыттар бойынша барлығы 120-дан астам түзету бар» деді жиында сөз сөйлеген Құрылтай Төрағасының орынбасары Динара Зәкиева.

Заң жобасын әзірлеу барысында AI-Quryltai көмегімен қалыптастырылған барлық ұсыныстар шақырылған заңгерлердің, ақпараттық және цифрлық қауіпсіздік салаларындағы сарапшылардың қатысуымен әзірлеуші депутаттардың тексеруінен және қосымша пысықтауынан өтті. Қазіргі уақытта заң жобасы Үкіметтің қорытындысын алуға жолдануда. Оны пысықтау Құрылтайдағы жұмыс тобы аясында жалғасады.

300 МЫҢ БАЛАҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛГЕН

Динара Зәкиева енгізілген цифрлық құралдардың көмегімен үш жылда өмірлік қиын жағдайға тап болған немесе құқықтары бұзылған 300 мыңнан астам бала анықталып, оларға көмек көрсетілгенін мәлімдеді. Оның айтуынша, бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың құқықтарын қорғауға бағытталған барлық қажетті заңдар мен бағдарламалар қабылданып, инфрақұрылым мен институционалдық жүйе құрылды. Атап айтқанда, барлық өңірде балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармалар мен психологиялық қолдау орталықтары ашылып, балалардың құқықтарын қорғау органдары қызметкерлерінің мәртебесі заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Сонымен қатар 160 отбасын қолдау орталығы ашылып, олардың жұмысына FSM Social жүйесі енгізілді. 111 мемлекеттік байланыс орталығы іске қосылды. Барлық мектепте әрбір баланың балалардың құқықтарын қорғау қызметтеріне тікелей жүгінуіне мүмкіндік беретін QR111 жүйесі енгізілді. Сондай-ақ білім беру ұйымдарында тәуекелдерді диагностикалауға және әрбір балаға көрсетілетін көмекті бақылауға арналған «Balazhan» платформасы енгізілді. Жалпы, қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде 2023 жылмен салыстырғанда балаларға қатысты аса ауыр қылмыстар саны әртүрлі баптар бойынша азайды. Жекелеген баптар бойынша төмендеу көрсеткіші 54 пайызға жетті.

ОНЛАЙН ОЙЫНДАРҒА ЖАҢА ЕРЕЖЕ

«Балалардың цифрлық және ақпараттық қауіпсіздігі туралы» жаңа заң жобасы кәмелетке толмағандарды қорғауды күшейту үшін цифрлық және ақпараттық ортаны кешенді реттеуге бағытталған нормаларды қамтиды. Атап айтқанда, онлайн ойындарды қоса алғанда, цифрлық және ақпараттық өнімдердің мазмұнын таңбалауға және сипаттауға қойылатын талаптар көзделген. Оларда ықтимал цифрлық қатерлер, соның ішінде ойын ішіндегі сатып алулар, пайдаланушылар арасындағы байланыс және хат алмасу мүмкіндіктері туралы мәліметтер болуы керек. Сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган мұндай өнімдерді міндетті тексеруді, яғни белгіленген талаптардың сақталуын тексеруді, мониторингті, ал бұзушылықтар анықталған жағдайда өнімге, қосымшаға немесе ойынға кіруді шектеу, жою және бұғаттау тетіктерін, сондай-ақ нормаларды сақтамағаны үшін жауапкершілікті енгізуді ұсынады.

Дәл осындай тәсіл кәмелетке толмағандар мен электрондық сауда алаңдарының маркетплейстерде тауар сатып алу кезінде өзара іс-қимылды реттеуге қатысты қарастырылып отыр. Тағы бір бастама бойынша барлық цифрлық платформаларда «Ата-ана бақылауы» тетіктерін енгізуді көздеген. Яғни балалар үшін тиісінше таңбаланбаған және тексерілмеген цифрлық және ақпараттық өнімдерді, қосымшаларды, ойындарды тексеру енгізілетін болады.

№136 (5034) 17/11/2026 Сейсенбі

ЗАҢСЫЗ НЫСАН БҰЗЫЛАДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Елордада сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заң талаптарын бұза отырып салынған заңсыз нысан бұзылды.

Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы (МСҚБ) жоспардан тыс тексеру жүргізгеннен кейін нысан иесіне қатысты әкімшілік шаралар қолданылып, анықталған заңбұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілген.

Сот шешімімен нысан иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, нысанды мәжбүрлі түрде сүру туралы шешім қабылданды. Қазір басқарма Әділет департаментімен бірлесіп, сот шешімін орындау шараларын жүргізіп жатыр.

Жыл басынан бері басқарма 497 жоспардан тыс тексеру жүргізіп, заңбұзушылықтарды жою туралы 243 нұсқама берген. Сондай-ақ жалпы сомасы 343 миллион теңгеден асатын 860 әкімшілік айыппұл салынған.

Елорда тұрғындарына сәулет, қала құрылысы және құрылыс талаптарын сақтау мәселесі ескертіледі. Заңсыз құрылыс жүргізіп, белгіленген нормаларды бұзғандар заң бойынша жауапқа тартылады.

СОТ ПРОЦЕСІН САХНАЛАДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астанада оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және мектептердегі құқықтық тәрбие берудің озық тәжірибелерін тарату мақсатында модельдік сот процесі ұйымдастырылды. Бұл жолғы іс-шара №97 мектеп-гимназиясында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы және «Болашақ прокурорлар клубы» жобасы аясында «Болашақ прокурорлар мектебі: модельдік сот процесі арқылы құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында шеберлік сабағы өтті.



Іс-шараның басты ерекшелігі – №97 мектеп-гимназиясының «Болашақ прокурорлар клубы» мүшелері «Дропперлік: жауапкершілік пен жаза» тақырыбында сот процесін сахналады. Оқушылар судья, прокурор, қорғаушы және сот процесінің өзге де қатысушыларының рөлдерін сомдау арқылы қаржылық алаяқтыққа қатысудың құқықтық салдарын, заң алдындағы жауапкершілікті және сот төрелігінің негізгі қағидаттарын тәжірибе жүзінде көрсетті.

– Бұл жоба былтыр «Әділет жобасы» деген атаумен бастау алды. Мақсаты – оқушыларға заң мен тәртіпті түсіндіру. Қазіргі таңда мектептерде «Прокурорлар мектебі» ашылып жатыр. Осы арқылы заң бұзушылықтың алдын алу жұмыстары түсіндіріледі. Сол жерде оқушылар шыншылдықты, адалдықты үйренеді. Барлық баптарды түсіндіреміз. Осы жоба арқылы оқушылар барлығын біліп шығатын болады. Бұған балалардың да қызығушылығы зор, – дейді №97 мектеп-гимназиясының директоры Зәмзәгүл Қиянова.

Іс-шараға қатысушыларға мектеп базасында «Болашақ прокурорлар клубы» жұмысын ұйымдастырудың практикалық тәсілдері ұсынылды.

ЕЛОРДАДА ЕТ ЖӘРМЕҢКЕСІ



Астанада екі күннен бері өтіп жатқан «Соғым-FEST» жәрмеңкесінде тұрғындарға сиыр, жылқы және қой еті нарықтағыдан тиімді бағамен ұсынылды. Биыл жәрмеңке елорданың үш сауда алаңында өтіп жатыр.

Шапағат ӘБДІР

Ұйымдастырушылар «Соғым-FEST» – қазақ халқының ежелден келе жатқан соғым дәстүрін жаңаша форматта жалғастырып, отандық фермерлер мен қала тұрғындарын бір алаңға тоғыстырған жоба екенін айтады.

Жәрмеңкеде сиыр етінің бір келісі 3 300 теңгеден, жылқы еті 3 500 теңгеден, ал қой еті 3 700 теңгеден сатылды.

Сонымен қатар, Сауда алаңына шығарылған барлық ет өнімі алдын ала зертханалық тексеруден өткізіліп, олардың сапасы мен қауіпсіздігіне бақылау жасалды.

«Ет – қарапайым халықтың ең көп тұтынатын негізгі азық-түлігінің бірі. Сондықтан мұндай жәрмеңкелердің ұйымдастырылуы өте орынды. Мұнда тұрғындар етті өздеріне тиімді бағамен сатып ала алады. Өзім Арқалық жақтан боламын. Жаңа ғана сол өңірден жеткізілген жылқы етін алдым. Бағасы да қолжетімді – келісі 3 500 теңгеден. Жалпы, 25 келі ет сатып алдым. Осындай жәрмеңкені ұйымдастырған азаматтарға және қала әкімдігіне алғысымды білдіремін» дейді тұтынушы Бердіқұл Айнияз.

Айта кетейік, «Соғым-FEST» жәрмеңкесі Keruen Joly сауда орталығы – Алаш тасжолы, 35Б; «Ет Әлемі» сауда орталығы – Алаш тасжолы, 31/1; Jurt сауда орталығы – Бейбарыс Сұлтан көшесі, 3 сынды елорданың үш сауда алаңында ұйымдастырылды.

Жәрмеңке сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.

Астана қаласында «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы №33 жалпы орта мектепте аясында арнайы коворкинг алаңы ашылды. Бұл кеңістік оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға және қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

РОБОТТЫҢ АТЫ – ТАЗАБЕК

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Коворкинг алаңының безендірілуіне мектеп педагогтары мен оқушылары бірлесе атсалысқан. Ұстаздар кеңістіктің қабырғасына Қазақстан картасы мен «Таза Қазақстан» жазуын бейнелеп, ұлттық нақыш пен экологиялық идеяны үйлестірген.

Ал оқушылар тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату арқылы түрлі бұйымдар мен шығармашылық жобалар әзірлеген. Осылайша, олар қажетсіз заттарды жарамды етіп, қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым әрі тиімді жолдарын тәжірибе жүзінде көрсетіп отыр.

Жаңа алаң тек шығармашылық жұмыстарға ғана емес, оқушылардың өзара пікір алмасуына да мүмкіндік береді. Бос уақытында мұнда дебаттар, кездесулер мен түрлі танымдық жиындар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар кеңістіктің ерекше қонағы – «Тазабек» атты робот. Ол оқушыларға тазалықты сақтауды, қоршаған ортаны аялаудың маңызын үнемі насихаттап, экологиялық тәрбие беруге үлес қосады.



Айта кетейік, мұндай бастамалар жас ұрпақтың бойында табиғатқа жанашырлықпен қарау, тазалықты сақтау және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Өйткені таза әрі жайлы орта қалыптастыру әр адамның күнделікті әрекетінен басталады.

ҚАУІПСІЗДІК РЕЙДІ

Елордада жылыту маусымында өрттің алдын алу үшін тұрғын үй секторында профилактикалық рейдтер өтіп жатыр. Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері Сарайшық ауданындағы тұрғын үйлерді аралап шықты.

Тұрғындарға өрт қауіпсіздігінің талаптары, жылыту құралдары мен электр жабдықтарын қауіпсіз пайдалану ережелері ескертілді. Сондай-ақ пешпен жылыту кезінде қандай жайттарға назар аудару керектігі түсіндірілді. Тұрғын үйлердегі профилактикалық жұмыс 15 тамыздан бері жүргізіліп келеді. Құтқарушылар күн сайын рейдке шығып, қала тұрғындарына өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіреді және өртке себеп болуы мүмкін кемшіліктерді жөндеу туралы кеңес береді. Іс-шараларға жергілікті атқарушы органдардың, полицияның, АРЭК, QazaqGaz Aimaq өкілдері мен еріктілер де қатысады.

«Жылыту маусымы басталғалы бері профилактикалық жұмыс барысында 4 200 үй қамтылды. 300 рейд өткізіліп, оның барысында 20 мыңнан астам адамға түсіндіру жүргізілді» деді Астана қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау капитаны Жалғасбек Маратов.

Алдын алу жұмысы тұрғын үйлерді аралаумен ғана шектелмейді. Білім беру ұйымдарында сабақтар өткізіліп, кәсіпорындар мен мекемелерде өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша нұсқаулықтар беріледі. Тексеру барысында департамент қызметкерлері тұрғындарға түзету ұсынылған бірнеше заңбұзушылықты анықтады. ТЖД өкілінің айтуынша, барлығы 3 360-тан астам кемшілікті түзету ұсынылған. Олардың арасында пештің жанына тез жанатын заттарды сақтау және кептіру, отын мен ағашты жылыту құрылғыларына тым жақын жинау, сондай-ақ жарықтары бар пештерді пайдалану жиі кездеседі. Мұндай олқылықтар, әсіресе жылыту құралдары белсенді қолданылатын кезеңде, өрт шығу қаупін арттырады. Әлеуметтік осал санаттағы отбасыларға, сондай-ақ барак үлгісіндегі үйлер мен жатақханалардың тұрғындарына ерекше көңіл бөлінеді. Есепте осындай 695 отбасы, 860 барак үлгісіндегі үй мен жатақхана бар. ТЖД мәліметінше, мамандар аталған санаттағы тұрғын үйлердің барлығы аралап шыққан. Мәселен, 233 отбасының үйіне иіс газын анықтайтын датчиктер мен түтін дабылқаққыштары орнатылды. Сонымен қатар 43 үйдің мұржасы тазартылды. Профилактикалық жұмысқа қарамастан, жеке тұрғын үй секторында өрт оқиғалары әлі де тіркеліп жатыр.

ТЖД өкілдері пештер мен электр жабдықтарын пайдалану талаптарын сақтау, мұржаларды уақытылы тексеру және иіс газын анықтайтын датчиктер орнату қайғылы жағдайлардың алдын алуға көмектесетінін еске салады.



№136 (5034) 17/11/2026 Сейсенбі

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

АСТАНА – БАҚЫТТЫ ҰРПАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ

Осыдан 35 жыл бұрын бөркімізді аспанға аттық. Марқайдық, ел тәуелсіздігін алды деп қуандық. Бұғаудан босап шыққан асаудай еркін қимылдадық. Тынысымыз кеңіді. Шүкір еттік. 1991 жылы егемендігіміздің байрағы желбіреді. Ел еңсесі тіктелді. Сол жылы өмірге келгендер биыл 35 жасқа толып отыр.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ



Бұғанасы бекіген, өз айтарлары бар ұлдар мен қыздар Тәуелсіз Қазақстанның дамуына өз үлестерін қосып келеді. Олар Тәуелсіз Қазақстанның құрдасы болғаны үшін қуанышты. Қайсысымен тілдессеңіз де Астана – бақытты ұрпақтың болашағы деп нық сөйлейді.

– Егемен елімізбен бірге есейіп, әр кезеңнің куәсі болу – мен үшін үлкен бақыт әрі зор жауапкершілік. Еліміздің 35 жылдық тарихын өз өмір жолыммен салыстырар болсам, біздің басты жетістігіміз – сана-сезімі азат, бәсекеге қабілетті жаңа буынның қалыптасуы дер едім. Мен ең алдымен, еліміздегі білім, ғылым және цифрлық даму саласындағы жетістіктерді мақтан тұтамын. Бүгінде қазақ жастары әлемнің кез келген түкпірінде өз білімімен, өнерімен, инновациялық жобаларымен мойындалып жүр. Көк туымыздың халықаралық ареналарда жиі желбіреуі, қазақ тілі мен мәдениетінің заманауи форматта жаңғыруы – менің бойыма ерекше мақтаныш сезімін ұялатады, – деді ақын Марал Ғаниқызы.

Тағы бір кейіпкеріміз 1991 жылы Монғолияның Баян Өлгей аймағында туған Манарбек Қыдырбай 2005 жылы атажұртқа көшіп келген. Елге келген жас өреннің жетістігі көп. Айтуынша, осының барлығы тәуелсіздігіміздің арқасы дейді.

Тәуелсіздік – мен үшін азаттықтың ғана емес, орындалған арманның өлшемі. 2005 жылы атажұртқа оралған бала бүгін осы елде білім алып, шығармашылық биігіне көтерілді. Бұл – Тәуелсіздіктің адам тағдырына берген мүмкіндігі. Өз тамырыңа оралып, өз еліңде өз жолыңды табудан асқан бақыт бар ма?! Ал Астана – сол азаттықтың асқақ архитектурасы, болашаққа созылған алтын көпірі. Бұл қалаға қараған сайын елдің ертеңіне деген сенімің бекиді. Астана – арманға мекен, жасампаздыққа кеңістік, тәуелсіз ұлттың биік мұраты. Бізге азаттық арман сыйлады. Ендігі міндет – сол арманды елдің игілігіне айналдыру, – дейді Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, ақын Манарбек Қыдырбай.

Астана – жай ғана әкімшілік орталық емес, ол армандар орындалатын, үлкен мақсаттарға жол ашатын мүмкіндіктер мекені. Бұл қаланың өзі де Тәуелсіздікпен бірге өсіп, көркейіп келе жатыр. Астана – тек жастардың ғана емес, жаңашыл идеялар мен батыл бастамалардың қаласы екендігін жастар жиі айтады. Шындығы да осы. Астана – тәуелсіздіктің жемісі. Бұған ешкімнің дауы жоқ.

– Мен үшін Тәуелсіздік, ең алдымен, ішкі еркіндік, өз тағдырыңды өзің шешу мүмкіндігі және ата-баба аманатына деген адалдық. Бұл – бейбіт аспан астында еркін ойлап, сүйікті ісіңмен айналысу бақыты. Ал алдағы 35 жылда мен Қазақстанды ғылым мен технологиясы озық, экологиясы таза, әділетті әрі рухани бай мемлекет ретінде көргім келеді. Әрбір азамат өзін қауіпсіз әрі бақытты сезінетін, төл мәдениетіміз бен тіліміз әлемдік деңгейде жоғары бағаланатын қуатты ел боларымызға сенемін. Осыдан тура 3 жыл бұрын Астанаға көшіп келдім. Астанаға келу менің өмірімдегі жаңа белес болды. Елорданың қарқынды ырғағы мені тез шешім қабылдауға, уақытты бағалауға және кез келген жағдайға бейімделуге үйретті. Ішкі тәртібім күшейіп, көзқарасым кеңейді, ортам жаңарды. Ал енді шығармашылық тұрғыдан алғанда, аздап тоқырау сезіледі. Кейде адамға шабыт іздеп жан-жаққа асығудан гөрі, жай ғана ішкі әлемімен оңаша қалу немесе үйреншікті ортаны, бағытты сәл өзгерту көбірек көмектеседі ғой. Алдағы уақытта шығармашылығымда жақсы жаңалық боларына сенемін, – деп ағынан жарылды ақын Марал Ғаниқызы.

Тәуелсіздіктің құрдастары Астананың күн санап қарыштап дамуына өз үлестерін қоссақ дейді. Құп көрдік. Астана – армандардың орындалатын қаласы!

Райхан РАХМЕТОВА



Фото: Александр Жабчук

ТЕМІРЖОЛДЫҢ ТІРЕГІ

Биыл елордадағы ең көне кәсіпорындардың бірі Астана локомотив пайдалану депосына 95 жыл толды. Депоның ғасырға жуық тарихында елімізде көптеген маңызды оқиғалар орын алды. Алайда қай кезеңде де депо қызметкерлері өз ісінің шеберлері, нағыз кәсіби мамандар ретінде ел игілігі мен өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп, теміржол саласының дамуына үлес қосып келеді. Осы жылдар ішінде локомотив шаруашылығы дамып қана қоймай, жүктер мен жолаушылар тасымалдау арқылы ел экономикасын өркендетуде орасан зор жұмыс жүргізілді.



Депо ұжымы мерейтойын Астанадағы «Жастар» театрында салтанатты түрде атап өтіп, онда кәсіпорынның шежірелі тарихынан естеліктер айтылды. 1922 жылдың шілде айында Петропавл-Көкшетау учаскесінде пойыздар қозғалысы басталды. 1929 жылдың қараша айында Бурабайдан Ақмолаға алғашқы пойыз келді. Ол кезде салмағы 400-ден 480 тоннаға дейінгі аралас жүк-жолаушылар пойыздары жасақталды. 1931 жылғы 15 қазанда Ақмола қаласында 7 тұрағы бар, «ОВ» сериялы паровоздар тіркелген типтік паровоз депосы пайдалануға берілді. Депоның техникалық жабдықталуы бір токарь станогынан, бір бұрғылау және бір сүргілеу станогынан, сондай-ақ ұсталық жабдықтар мен мыс өңдеуге арналған қондырғыдан тұрды. Депоның қажеттілігіне пайдаланылатын су Есіл өзенінен тасымалданып жеткізілді. Депода 16 слесарь және 28 паровоз бригадасы жұмыс істеді. Сол кезеңдегі паровоздар көмір мен суды пайдаланып жұмыс істеді. Локомотив бригадасы үш адамнан тұрды: машинист, машинистің көмекшісі және от жағушы. Әрбір 100 шақырымға 11 тоннаға дейін көмір жұмсалды.

Барлық жұмыс аптап ыстықта, қатты шу мен үздіксіз діріл жағдайында қол күшімен атқарылды. Сол дәуірдегі теміржолшылар нағыз еңбек ерлігін көрсетті. 1933 жылы паровоздар паркі «Э» сериялы паровоздармен алмастырылды. Осы кезеңде кадрларды даярлау жұмысы белсенді жүргізілді. Омбы теміржолы басқармасы жанындағы паровоз мектептерінде инженерлер мен машинистер сияқты жетекші мамандықтар бойынша оқыту ұйымдастырылды. Теміржол мен Ақмола паровоз депосының пайда болуы өңірдің әлеуметтік-техникалық тұрғыдан қарқынды дамуына үлкен серпін берді. Қысқа уақыт ішінде локомотив шаруашылығының мамандары СО, СОК, ФД, СУ, ЕА, Л сериялы паровоздардың көптеген түрін меңгерді. Алайда депо дамуының жаңа кезеңі тепловоздық және электровоздық тартуға көшу, сондай-ақ тасымалдау көлемінің артуымен тығыз байланысты болды. 1962 жылы Целиноград депосында паровоздар паркінің бір бөлігі тепловоздармен алмаса бастады. Сонымен қатар электрлік тартуға арналған кадрларды даярлау жұмысы жүргізілді. Депоға ТЭМ-2 және ТЭМ-3 сериялы тепловоздар келді.



1964 жылы теміржолды электрлік тартуға көшіру бойынша қайта жаңғырту жұмысы аяқталып, ВЛ80 сериялы электровоздарды пайдалану басталды. 1975 жылы Екібастұз-Магнитогорск учаскесіндегі жүк тасымалы көлемінің артуына байланысты электровоздар паркі қуаты жоғары ВЛ80 сериялы электровоздармен толығып, жаңарды. 1980 жылдары салмағы 12000-нан 30000 тоннадан асатын аса ауыр пойыздарды жүргізу басталды. Пойыздардың белгіленген кесте бойынша қалыпты салмағы 6000-нан 9000 тоннаға дейін жетті.

Жалпы, 95 жыл ішінде локомотивтердің 15-тен астам түрі ауыстырылды. Олардың әрқайсысы жөндеу бригадалары мен локомотив бригадаларының қайта даярлануын талап етті. Көп жағдайда оқыту өндірістен қол үзбей жүргізілді, ал кәсіби білім мен тәжірибе әкеден балаға беріліп отырды. Депо өзінің еңбек әулеттерімен мақтанады. Олардың қатарында Сәуірбаевтар, Жарқымбековтер, Красноштановтар, Мырзабаевтар, Журавлевтер және Жақыповтар әулеттері бар.

Теміржол көлігін қайта құрылымдау кезеңі де көптеген өзгеріс әкелді.

«Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының өндіріс қуатын дамыту мақсатында 2000 жылы теміржол көлігін қайта құрылымдау жүргізілді. Сол жылдың наурыз айында локомотив депосы жөндеу және пайдалану деполарына бөлінді. 2009 жылы жөндеу сапасын арттыру мақсатында локомотивтерді жөндеу жұмысы жаңадан құрылған «Қамқор Локомотив» ЖШС қарамағына берілді. Бұл серіктестіктің Астана локомотив жөндеу депосы филиалының ұжымында 350-ден астам қызметкері еңбек етеді. Депо тепловоздар мен электровоздарды, тартқыш электр қозғалтқыштарын және локомотив жабдықтарын күрделі жөндеу, жаңғырту және сервистік қызмет көрсету жұмысын жүзеге асырады.

Локомотив пайдалану депосының қызметкерлері – теміржол көлігінің негізгі тірегі. Олар магистралдық теміржол желілерінде жүк және жолаушылар пойыздарының үздіксіз әрі қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы «Ақмола жүк тасымалы бөлімшесіне» қарасты Астана локомотив пайдалану депосында 1000-нан астам қызметкер еңбек етеді. Олардың ішінде 730 локомотив бригадасы бар. Кәсіпорынның құрамына Атбасар айналым депосы да кіреді. Депоның тіркелген локомотивтер паркі әртүрлі модификациядағы 94 локомотивпен жасақталған. Олардың қатарында ВЛ40 сериялы 2 электровоз; KZ8A сериялы 76 электровоз; ТЭМ11А сериялы 1 тепловоз; ТЭ33АС сериялы 3 тепловоз; СКД6 сериялы 12 тепловоз бар. Депо ұжымы ұзындығы 380 шақырымды құрайтын теміржол учаскесіне қызмет көрсетеді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Асан Үмбетов айтулы мерейтоймен барша әріптестерін құттықтап, оның бүгінгі қарқынды даму барысы, локомотив паркінің жыл сайын жаңартылуы, түрлі инновация жобаларының енгізілуі туралы баяндады. Сонымен қатар үздік теміржолшыларды алғыс хаттар және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Салтанатты жиын соңында сала ардагерлері де сөз сөйлеп, депоның даму кезеңдері туралы естеліктерін айтты.

КИБЕРШАБУЫЛ НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Әлеуметтік желілерді қолданушылар бұл ақпаратты бірі көп қаралым жинау үшін таратса, екіншісі сақтық үшін туған-туыс, дос-жарандарына жолдаған. Төтенше жағдайлар министрлігі, Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығы мұндай қауесетке сенбеу керектігін түсіндіріп, жұртты сабырға шақырды. БАҚ-тар да бұл туралы шынайы хабар таратты. Алайда жалған ақпараттың таралу жылдамдығының жоғарылығы, репосттардың көптігі дұрыс ақпараттан асып кетті.

17 ҚАРАШАДА ШЫН МӘНІНДЕ НЕ БОЛДЫ?

Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы (JAQ.OrtCom) осы ақпараттың таралу тізбегін тарқатып берді. 17 қараша күні шын мәнінде әлемде не болатынын нақты дерекпен түсіндірді. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің фейктерге, манипуляциялар мен жалған ақпаратқа қарсы күрес жүргізетін, фактілерді тексеретін ресми ресурсы мынадай материал жариялады: «Бұл қауесет Х әлеуметтік желісіндегі Wesley лақап атымен тіркелген қолданушының жазбасынан кейін тарай бастады. Ол 1 қарашада португал тілінде жазба жариялап, «даркнеттегі анонимді дереккөзге» сілтеме жасаған. Кейін бұған кейбір елдер қор жинауға кеңес беріпті деген екінші толқын ақпарат қосылды. Осылайша, бастапқыда бір-біріне қатысы жоқ екі хабарлама бір оқиға ретінде тарала бастады. Бұл мәлімдемелердің қаншалықты негізді екенін тексеріп көрейік. **«Хакерлер банк шоттарындағы ақшаны нөлге түсіреді»**. Банктер шоттардағы қаражат туралы деректерді бір командамен өшіруге болатын бір ғана базада сақтамайды. Мәліметтер бірнеше деректер орталығында қатар сақталады. Сонымен қатар реттеуші органдар банктерден ақпарат жүйелерін қалпына келтіру жоспарының болуын талап етеді. Мұндай шабуыл болатыны туралы бірде-бір банк те, мемлекеттік орган да ескерткен жоқ. **«Интернет үш айға өшеді»**. Интернет – көптеген тәуелсіз желілерден тұратын күрделі жүйе. Сондықтан оны бір ғана кибершабуыл арқылы толықтай істен шығару мүмкін емес. Бразилияның boatos.org фактчекинг ресурсы 17 қарашада интернет пен байланыс қызметтері жаһандық деңгейде өшеді деген ақпаратты растайтын ресми дерек пен дәлел жоқ екенін хабарлады. **«Бұл күн кездейсоқ таңдалмаған»**. Бұл мәлімдеме ішінара рас, алайда оның мәні мүлде басқа. 17 қарашада АҚШ-тың Төтенше жағдайлар жөніндегі федералдық агенттігі (FEMA) мен Федералдық байланыс комиссиясы ел көлемінде шұғыл хабарлау жүйесін тексереді. Тексеру барысында радио мен телеарналар арқылы бір минуттық сынақ сигналы беріледі. Ұялы телефондарға мұндай хабарлама жіберілмейді. **«Мұны «Симпсондар» мультсериалы алдын ала болжаған»**. Тараған жазбада 2023 жылғы мультсериал эпизоды жаһандық жаппай жарықтың өшуімен байланыстырылған. Алайда эпизодта 2026 жылғы қараша туралы ештеңе айтылмайды. **«Шұғыл түрде азық-түлік пен су қорын жинау керек»**. Үйде 72 сағатқа жететін азық-түлік пен қажетті заттардың қорын сақтау туралы кеңестер – кез келген төтенше жағдайға дайындық жөніндегі стандартты ұсыным. Бразилияның A Rede басылымы бұл кеңестің 17 қарашада болуы мүмкін кибершабуылға еш қатысы жоқ екенін атап өткен».

> Адам баласы жалған ақпаратты тез естиді. Анық-қанығына жетпей, үрейге бой алдырады. Әлеуметтік желілерде 17 қарашада интернет үш айға дейін өшіп, банктерге хакерлер шабуыл жасайды деген жағымсыз хабар желдей есті. Бүгін – 17 қараша. Интернет өшкен жоқ, банктердің ақша жинау жүйесі бұзылған жоқ. Жаһандық деңгейге кибершабуыл жасалып, цифрлық апокалипсис болған жоқ.

Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығы 17 қарашада интернет өшеді деген ақпарат ресми дереккөздер арқылы расталмағанын хабарлады. Орталық мамандары интернет, серверлік инфрақұрылым, байланыс және банк жүйелері бір ғана «тетіктен» басқарылатын ортақ жүйе емес екенін түсіндірді. «Олардың әрқайсысы көптеген операторлар мен ұйымдардың желісіне бөлінген. Сол себептен бір жүйеде ақау пайда болуы немесе оған шабуыл жасалуы қалған жүйелердің бәрі автоматты түрде істен шығады дегенді білдірмейді. Жекелеген ауқымды немесе уақытша шектеулер болуы мүмкін. Алайда барлық жүйенің бір мезетте толық өшуі өте күрделі әрі ықтималдығы төмен сценарий» делінген ресми ақпаратта. Орталық өкілдері мұндай ақпараттық арандатулар әлеуметтік желілерде қаралым жинау үшін таралып, халық арасында дүрбелең туғызу немесе қолданушыларды алаяқтық схемаларға тарту үшін қолданылуы мүмкін екенін ескертті. Сол себептен жалған ақпаратты белгісіз авторлардың жазбаларына сеніп қабылдамай, тиісті мемлекеттік органдардың, компаниялар мен басқа да ұйымдардың ресми арналары арқылы тексеруге шақырды. Жазба көп қаралым мен пікір жинаған жағдайда ақпараттың рас-өтірігін анықтаған абзал.

КИБЕРШАБУЫЛ ТОҚАЗЫТҚЫШПЕН ТОҚТАЙ МА?

Жуырда біз БАҚ-тардан Францияда жүздеген супермаркеттерге кибершабуыл жасалып, тоңазытқыштар мен мұздатқыштардағы температура тым жоғарылап кеткенін оқып-білдік. Соның салдарынан миллиондаған еуро тұратын азық-түлік жарамсыз болып қалған. Хакерлер сауда орындарындағы тоңазытқыштардың температурасын реттейтін бағдарламалық жабдықтарды бақылауға алған. Олардың әрекетінен кейін тоңазытқыштар мен мұздатқыштардағы температура 50 градусқа дейін көтеріліпті. 11-12 қазан күндері жасалған кибершабуыл Францияның аумағындағы 700-ден астам сауда нүктелерінің азық-түлік сақтайтын қондырғыларын бүлдірген. Олардың арасында Carrefour, Monoprix, Intermarché және Coopérative U сияқты дүкендер желісі бар. Арам ниеттілер тоңазытқыштар мен мұздатқыштарды басқару жүйесін бұзып кіріп, температура режимін қолмен көбейткен. Соның әсерінен жүйелер өртеніп, азық-түлік және өзге де тауарлар тез бүлініп, ондаған миллион еуро шығын әкелген. Франция бұл кибершабуылға Ислам революциясы сақшыларының корпусын кінәлады. Осы оқиғадан кейін Еуропалық Одақтың Желілік және ақпараттық қауіпсіздік агенттігінің (ENISA) басшысы Юхан Лепассар Одақ құрамындағы елдерге киберқауіпсіздік саласындағы бағдарламаны кеңейтіп, күш біріктіруге шақырды. Оның пайымдауынша, бұдан былай қарапайым тұрмыс техникасы да хакерлердің нысанасына ілігуі мүмкін. «Бүгін тоңазытқыштар бүлінсе, ертең роутерлер, арғы күні тұрмыс құрылғылары және тағы басқалары болуы мүмкін» деді Ю.Лепассар. ENISA агенттігі барлық саладағы ұйымдар киберқауіпсіздік мамандарын жұмысқа тарту және оларды ұстап қалу мәселесінде қиындықтарға тап болып отырғанын жасырмай хабарлады. Агенттік Еуропалық Одақ мемлекеттерін киберқауіпсіздік саласындағы бағдарламалардың ауқымын кеңейтіп, оларды күшейту арқылы бұл мәселені шешуге шақырды.

КИБЕРШАБУЫЛ КӨБЕЙДІ МЕ, АЗАЙДЫ МА?

2026 жылдың алғашқы 6 айында елімізде кибершабуылдарға қатысты 7,5 мың оқиға тіркелген. Соның ішінде 79 пайызы – компьютер вирусы мен троянмен байланысты шабуылдар. Биыл бірінші тоқсандағы интернет-фишингтердің саны 2,6 есеге азайған. 2022 жылы Қазақстанда бір айда 20 млн кибершабуыл тіркелген кездер де бар. Соның салдарынан интернет байланысы нашарлады. Кибершабуылға тап болған адам тәулік бойы істейтін «1400» нөміріне тегін қоңырау шалып, құзырлы мекемеден көмек сұрай алады.

Интернет өшсе, одан қандай қауіп бар? Мысалы, 2025 жылы 19 маусымда Иранда интернет толығымен өшірілді. Бұл ақпаратты NetBlocks Халықаралық мониторинг қызметі растады. Таяу Шығыстағы соғыстың өршуінен елде бірнеше рет ақау болып, байланыс жоғалған. Алайда ғаламтордың жаппай өшуінің себебі бұл емес. Иран билігі хакерлік шабуылдан сақтану үшін осындай қадамға амалсыз барған. БАҚ-тар елдегі жетекші мемлекеттік банктердің біріне ауқымды кибершабуыл жасалғанын жазды. Соның салдарынан тұтынушыларға қызмет көрсету жұмысы тоқтады. Ал Израиль хакерлері Иранның криптовалюта биржасын бұзып, 90 млн доллар шығынға батырғаны – бөлек әңгіме. Демек қазір бір-бірімен соғысып жатқан елдер қару қолданумен шектелмей, киберкеңістікте де қарсыласын қапы қалдыруға ұмтылады.

«Біз жасанды интеллектіні теріс мақсатқа пайдаланудың алдын алатын, соның ішінде кибершабуыл, дипфейк, цифрлық алаяқтық пен басқа да қатерлерден қорғайтын пәрменді іс-шаралар әзірлеуіміз керек» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхайда өткен Дүниежүзілік жасанды интеллект жөніндегі конференцияда. Ал Үкімет 2026 жылдың соңына дейін басымдық берілетін ЖИ-шешімдердің, цифрлық егіздердің мақсатты архитектурасының, сондай-ақ киберфизикалық қауіпсіздік архитектурасының тізілімін бекітуді жоспарлап отыр.

ҚАРАПАЙЫМ ТҰРҒЫНҒА ДА ШАРАПАТЫ ТИСЕ...

> Жақындағы кезекті Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау бастамасын көтерді. Осы жыл аясында еліміздің бірқатар өңірінде жол, мектеп, аурухана, тұрғын үй, ауызсу және инженерлік желілер мәселесі шешілмек.

Шапағат ӘБДІР

Жаңа медицина мекемелері, білім беру, спорт және мәдениет нысандары салынып, көлік инфрақұрылымы, әуежайлар мен вокзалдар жаңғыртылмақ. Осылайша, әрбір жаңа нысанның артында құрылыс материалдарын өндіру, көлік-логистика, машина жасау, жобалау және қызмет көрсету салалары жанданады деп сенеміз және жаңа жұмыс орындары ашылып, отандық кәсіпорындарға тапсырыс көлемі артады деп үміттенеміз. Оның үстіне оған 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан 6,5 трлн теңге қаражат қарастыру көзделгені айтылды. Сондықтан халықтың өз ақшасы өзіне бұйырып, құрылыс жылының табысы бой көтерген ғимараттардың санымен ғана өлшенбеуі керек. Әрі 2027 жылды құрылыс жылы деп жариялау – елдің бүгінгі инфрақұрылым мәселелерін шешіп қана қоймай, болашақ дамуының материалдық негізін қалыптастыруға бағытталуы керек, біздің ойымызша. Мәселен, бірінші кезекте ел азаматтары үшін өзекті мәселе – баспана. Ендеше құрылыс қарқынды салынып, оның әсері баспанасыз қазаққа да оң болса. Яғни үй қымбаттамаса екен деп тілейміз. Бұл – бір. Екіншіден, ауыл-аймақтарға баратын қазақтардың жер алып, үй салуына жағдай жасалуы керек. Сонда құрылыс жылының мәні болады. Яғни ауылға барып тұрамын, үй саламын деген азаматтарға құрылыс материалдары пайызсыз бөліп төлеу жүйесімен берілсе, оны азамат үйді тұрғызып болған соң үш жылдан кейін немесе белгілі бір уақыттан соң төлей бастаса – ауылдарды да құтқарар едік, баспанасыз қазақты да қуантар едік. Ең болмаса, 10 пайызға дейін үстеме қылып беретін мемлекеттік бағдарлама ұйымдастырылса ғой, шіркін. Оның өзі азаматтарға жасалған нақты көмек болар еді. Яғни үй саламын деген қазақты кезекке тұрғызып сарғайтпай, қалада пәтер жалдатпай, осы жылдың аясында жарылқап, оларға материалдың құнын есептеп, Үкімет арнайы бағдарлама арқылы апарып берсе, оны ол азамат белгілі пайызбен, болмаса пайызсыз бөліп төлеу арқылы үйді толық тұрғызып болғаннан кейін екі-үш жылдан соң қайтара бастаса керемет болар еді. Себебі ол үйді де салады, өзі де аяқтан тұрар еді. Әрі ауыл да солай көркейе түсер еді. Солай көмек жасаймыз десек, көп азамат ауылға барып тұруға құлықты болар еді. Әйтпесе қалада көппәтерлі тұрғын үйді салып, оған қарапайым жұрттың қолы жетпей тентіреп жүргеннен не пайда? Тегі, тіпті болмаса, қалада салынған құрылыстарды бұрынғы ипотека жүйесімен емес, жаңадан басқа жеңілдікпен алуға болатын жүйелерді, бағдарламаларды қарастыру керек. Басты мақсат құрылыс жылы баспанасыз жұртты үймен қамтамасыз етуде оң өзгеріс болса екен деген тілек біздікі.



№136 (5034) 17/11/2026 Сейсенбі



ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕСІЛОВ

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Астана қаласының құрметті азаматы, экономика ғылымдарының кандидаты, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Сейітжанұлы Есілов 75 жаста.

Мына аумалы-төкпелі, күрделі заманда, өзімнің пайымдауымша, әр адам өз тағдырының ғана ұстасы емес, өзі өмір сүріп отырған, етене араласып жүрген қоғамға, сол кезеңнің уақыт болмысына тиісті дәрежеде ықпал ететініне куәгерміз. Солардың қатарында бүгінде ғұмыр дастанының жетпіс бес белесіне қадам басып отырған Сансызбай Сейітжанұлын атап өтуіміз ләзім.

Ол ауылдағы тіршілікке, отбасындағы тәрбиеге қанық болып ержетті. Жас кезінен маңдайдағы шып-шып аққан тердің қасиетін жақсы білді. Әкесі – Ұлы Отан соғысының ардагері Сейітжан Есілұлы ұзақ жылдар теміржол саласында еңбек етіп, зейнет жасына жетсе, анасы Мәкіш Байділдәқызы ұлағатты ұстаз санатынан еді. Міне, осыдан да болар, мектептегі оқумен қатар, ол күйбең тіршіліктің қадірін жақсы білді. Орта мектеп тәлім болып, кәмелеттік аттестат алғаннан кейін ата-ананың ұйғаруымен облыс орталығындағы теміржол техникумының табалдырығын аттады. Алғашқы еңбек жолын 1972 жылы Ленинград қаласында Отан алдындағы борышын өтеп келіп, Астрахан ауданындағы Жалтыр станциясында бастапқыда монтёр мамандығынан бастап, кейін аға шебер, инженер болып жалғастырды. Теміржолшы қауымы жас маманды, қазақша айтқанда, «бауырына тартты». Сансызбай өз міндетін жауапкершілікпен атқарып, тиянақтылық таныта білді. Ұжымдағы жастардың жетекшісі бола жүріп, білімін одан әрі жетілдіруді ойлап, Целиноград инженер-құрылыс институтының сырттай оқу бөліміне құжаттарын тапсырып, студент атанды. Бастауыш партия ұйымы жас маманды өз қатарына қабылдады. Арада едәуір уақыт өткенде, білікті маман, жас коммунист Сансызбай Есілов Астрахан аудандық партия комитетінің назарына ілігіп, партия-ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметіне тағайындалады.

1977 жылдың ақпан айында облыс құрамында жаңадан Теңіз ауданы құрылып, оның алғашқы ұйымдастыру конференциясында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып есімі республикаға, облысқа кеңінен танымал іскер басшы Қайреден Кәрібаев сайланды. Қайекең аудандық партия комитеті аппаратының қызметкерлері қатарын жасақтаған кезде партия жұмысынан едәуір тәжірибесі бар Сансызбай Есіловті аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне шақырады. Жаңа аудан топырағына қадам басқан Сансызбай Сейітжанұлы осы өңірде, 1985 жылы аудан аумағында сапалы көмір кенінің мол қоры табылғандықтан Теңіз ауданы Қарағанды облысының құрамына берілгенше, аудандық партия комитетінің хатшысы болып еңбек етті.

– Теңіз ауданында өткен жылдарымды ерекше сағынышпен еске аламын. Қайрекең біз сияқты жастарға қамқор болды, шыңдады, тәрбиеледі. Бәрімізді ортақ істі абыроймен шешуге жұмылдырды. Жеті шаруашылық негізінде құрылған аудан қой, екі кеңшарда жылқы түлігі күтімімен айналысты. Мәдени-әлеуметтік тұрғыда көптеген іс-шара жүзеге асты. Құрылыс, жол саласына ерекше назар аударылды. Алғашқы өндіріс ошағы – аудандық баспахананы жабдықтап, қатарға қостық. Осы орайда басшымыз Қайреден Кәрібаевтың ұйымдастыру қабілетін, басшыға тән көрегендігін, алдағы шаруаны болжап, жоспарлап, оны шешу жолдарын бағамдай білетін қасиеттерін ерекше атап өтер едім. Өз басым Қайрекеңнің мектебінен өткенімді мақтан тұтамын. Ардагер ағамыз кейін Атбасар ауданының бірінші басшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Зейнетке шыққан соң, туған ауылында «Қыпшақ» жеке шаруашылығын ұйымдастырып, көптеген жұмыс орнын ашты. Биыл көктемде облыс өңірінде Қайреден Кәрібаевтың туғанына 90 жыл толғаны кеңінен аталып өтті, – дейді Сәкең.

Енді қызмет баспалдағы, өмір белесі Сансызбай Сейітжанұлын облыс орталығына алып келді. Облыстық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. Партия жұмысында ширек ғасырдан астам тәжірибесі, ұйымдастыру қабілеті ескеріліп, сол кезеңде жаңадан ұйымдастырылған құрылым – Ақмола облысы бойынша мемлекеттік мүлік және активтерді басқару жөніндегі аймақтық комитет төрағасының орынбасары, төрағасы болып жеті жылдан астам қызмет етті, ел астанасын Ақмолаға көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі болды. Алматыдан жекелеген министрліктердің ұжымдары көшіп келе бастады. Президенттің 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Ақмоланы Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы Жарлығына байланысты қаламызда қауырт жұмыстар қанат жайды. Осы кезеңде қала әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары лауазымына тағайындалған Сансызбай Сейітжанұлына ел астанасының келбетін көріктендіру, жылумен, электр жарығымен тұрақты қамтамасыз ету, тазалық мәселесін назарда ұстау міндеті жүктелді.

> Сансызбай Сейітжанұлының мемлекет пен қоғам алдындағы ерен еңбегі лайықты бағаланғанын атап өткен де жөн. Ол «Құрмет», «Парасат», «III дәрежелі Барыс», «Достық» ордендерімен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған

– Алғашқы жылдары едәуір қиындықтар болғаны жасырын емес. Кейін құрылыс қарқын алды. Қала халқы, былайша айтқанда, «арифметикалық прогрессия» бойынша өсе бастады. Алматыдан келген ұлы көшті қарсы алып, орналастыру мәселелері рет-ретімен шешімін тапты, – деп еске алады Сәкең.

Әкімнің бірінші орынбасары үнемі мамандармен ақылдасып, мәселенің байыбына барып шешім қабылдайтын. Мәселен, сол жылдары жаздың шуақты күндерінде қаламыздағы үйлерде ыстық су болмай қалатын кез де орын алды. Жергілікті тұрғындар бұл жағдайды түсіністікпен қабылдайтын. Вячеслав су қоймасы мен №1, №2 жылу-электр орталықтарындағы техникалық ақауларды дер кезінде шешудің жолдарын Сансызбай Сейітжанұлы тікелей өзі басшылыққа алып, соңына дейін жеткізетін.

– Елорданың алғашқы қадамынан бастап, бүгінгі сәулетті шаһарымыздың өсіп-өркендеуіне сол жылдардағы қала әкімі Әділбек Жақсыбековтің командасында еңбек еткенімді ерекше мақтаныш сезіммен еске аламын. Сағымды дала – Арқа төсіндегі әсем де асқақ Астана менің санамда сәулет өнерінің ең озық үлгілерімен шырайланған, сұңғатты сипатымен күн сайын көркіне көрік қосып келе жатқан әлемнің ғажайып шаһарларының бірі болып қалыптасты. Астана еліміздің төл тарихына есте қаларлықтай жарқын беттер қосатынына сенімдімін, – дейді кейіпкеріміз.

Осындайда Әубәкір Кердерінің «Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай, әгәрки қабырғалы болса халқы» деген қанатты сөзі ойға оралады. Халқымыз бізді қолдады, қол ұшын берді.

Астана қаласы әкімдігінің құрылымы өзгерген 2007 жылы Сансызбай Сейітжанұлын астаналықтар Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV шақырылым депутаты етіп сайлады. 2012-2016 жылдары Астана қалалық мәслихаты бесінші шақырылымының депутаты, мәслихат хатшысы, елорда Қоғамдық кеңесінің төрағасы лауазымында болды. Міне, 10 жылдан астам уақыттан бері Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы міндетін абыроймен атқарып келеді. Аталмыш ұйым 1991 жылы 16 желтоқсанда құрылған еді. Алғашқы төрағасы – соғыс және еңбек ардагері Михаил Сергеевич Бутенко. Ұйымды әр жылдары партия, кеңес қызметінің ардагерлері Қуаныш Алпысбеков, Бекен Әлімжанов, Амангелді Сыздыков басқарды.

Деректерге назар аударсақ, елордамызда 165 мыңнан астам зейнеткер, тыл ардагері, ауған соғысына қатысушылар тұрады. Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары 2020 жылдың соңында қалалық Ардагерлер кеңесінің бастамасымен және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Егде жастағы тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге ерекше назар аударылады. Осыған байланысты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы зейнеткерлердің өмірін бақуатты етуді мақсат еткен.

– Қазіргі уақытта 6 Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы зейнеткерлердің өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етуде. 2021-2025 жылдары 1,5 млннан астам келушіге әлеуметтік қызмет түрлері көрсетілді. Мақсат-тілегім сол, ардақты қарттарымыз қалған ғұмырында әлденеге еш қамықпай, еменжарқын ғұмыр кешсе екен. Жақсы болудың жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ, – дейді мерейтой иесі.

Сансызбай Сейітжанұлының мемлекет пен қоғам алдындағы ерен еңбегі лайықты бағаланғанын атап өткен де жөн. Ол «Құрмет», «Парасат», «III дәрежелі Барыс», «Достық» ордендерімен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

Қырғыз бауырларымызда «Манасты Манас қылған – Қанықей» деген ұлағатты тәмсіл бар. Ендеше Сансызбай Сейітжанұлының осынша дәреже, бедел, абыройға жетуінде зайыбы Күнайымның да үлесі бар екенін мойындауымыз қажет.

Ғұмыр дастанының сегізінші белесіне қадам басып отырған ел ағасы Сансызбай Сейітжанұлына мерейтой қарсаңында деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Бар күш-жігеріңіз бен қабілетіңіз елордамыздың көркеюіне, қазыналы қарттарымызға деген қамқорлықты одан әрі жақсарта, жетілдіре түсуге жұмсалады деп сенеміз!

Бәдуан ИМАШҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі

ЕЛОРДАМЕН ЕТЕНЕ

(Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Астана қаласының құрметті азаматы Сансызбай Сейітжанұлы Есіловтің 75 жасына арнау)

Сансызбай бала болды дара туған,
Жасынан талаптанып білім қуған.
Таңдады теміржолшы мамандығын,
Ұл болды бата алған ұлы атадан!

Еңбектің талай көрген ауырлығын,
Игерген кәсібінің қыр мен сырын.
Еліне жасап әркез адал қызмет,
Көтерген жүрген жердің биік туын.

Бір қызға ғашық болды жиырма бесте,
Ойлаумен қолы бармай ешбір іске.
Қолынан ұстап сұлу Күнайымның,
Екеуі қадам басты бірге өмірге.

Дүниеге келді Асқар, Сандуғашы,
Қуанды немереге ата-анасы.
Алдында әлдилеген асыл ана,
Болғай деп тілек айтты ел баласы!

Еңбегі сіңді оның елордаға,
Іргесін жас қаланың қаласуға.
Бүгінде ұрпақтар ортасында,
Лайықты абыз ата атануда.

Таңдады барлық істе тура жолды,
Достарға қадірлеген адал болды.
Үйінде дастарқаны кең жайылып,
Әрқашан шаңырақта орта толды.

Жетпіс бес көптен күткен келді бүгін,
Шаршамай көтеріңіз ғұмыр жүгін!
Қызығын дүниенің бір көріңдер,
Дәм татып алақаннан шөберенің!

Келісіп сән-салтанат, сәулетіңіз,
Бөленсін абыройға әулетіңіз!
Ел-жұрттың ақ тілегі қабыл болып,
Әрдайым арта берсін дәулетіңіз!

Ерсұлтан БЕКТҰРҒАНОВ,
мемлекеттік қызмет саласының ардагері

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

11.11.2026 №510-3698

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Көлік айрығы» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н. Тілендиева даңғылы және Ш. Бейсекова көшесі ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0239 га, жер учаскелері 2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 28 желтоқсанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «11» 11
№ 510-3698 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-007-1163	Кажигалиев Биржан Едилович, Сапарбаева Раушан Бейсенбаевна	3414	36	г. Астана, район «Сарыарқа», Ш. Бейсеков көшесі, №1/3 учаске	Өндірістік үй-жайларды салу және пайдалану	Ортақ бірлескен меншік

Қазақ әдебиетінің классигі, аса көрнекті жазушы, кемелденген рухани мәдениетіміздің тарихында есімі алтын әріптермен жазылған Бейімбет Майлиннің мол мұрасының тәуелсіз елдің мұратына сай бүгінгі таңдағы жаңаша зерттелуі Серікқали Байменше еңбектерінен басталады.

Зерттеуші С.Байменше «Талант тапқа бөлінбейді» деген идеяны ұстана отырып, Бейімбет болмысын біртұтас шығармашылық құбылыс ретінде қарастырды. Бұл оны Б.Майлиннің шығармашылығын зерттеудің алдағы уақытқа үлгі болатын жаңа ғылыми бағытын қалыптастырған, ұлттық әдебиетіміздің тарихын жаңаша жазуға қатысқан ғалым деп ілтипатпен атауға толық негіз береді.

Әрине, кеңестік заманда да Бейімбет мұрасы зерттелді, бірақ жазушы шығармаларын тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазіргі көзқараспен зерттеудің орны бөлек еді. Осы тұрғыдан келгенде, жазушының өмірі мен шығармашылығы хақында бір жүзден астам ғылыми мақала, монографиялық зерттеу еңбектерін жазған Серікқали Байменшеден артық Бейімбетті білетін жан бүгінде кемде-кем шығар.

Оның құрастыруымен және ғылыми түсіндірмелерімен Бейімбет Майлиннің көптеген белгісіз шығармасы жеке кітап болып бірнеше рет жарық көрді. Аға буын зерттеуші Тоқтар Бейісқұловпен бірлесіп, Бейімбет Майлиннің белгілі және белгісіз туындыларынан тұратын көп томдық шығармалар жинағын шығару жөніндегі жаңа ғылыми жобаны жүзеге асырды.

«Жақсы жазушы журналист бола алмайды, жақсы журналист жазушы бола алады» деп атақты қаламгер Әзілхан Нұршайықов айтқандай, жақсы журналист Серікқали Байменшенің (Қазақстан Журналистер одағының С.Масғұтов атындағы сыйлығының лауреаты, «Жас Алаш» газетінің Ғани Мұратбаев атындағы сыйлығының тұңғыш иегері, Жалпыұлттық «Алтын жұлдыз» дипломының, «Бауыржан Момышұлы» құрметті белгісінің иегері, Қазақстан Журналистика академиясының академигі және Қазақстанның құрметті журналисі) көркем шығармашылығы да көпке таныс. Ең алғаш «Келін» әңгімесінен («Жалын» альманағы, 1977) басталған көркем шығармалары «Қос жүрек» деген атпен «Достық бастаулары» (1990) жинағында жарияланды.

Таяуда «Қазақстанның құрметті жазушысы» атанған қарымды қаламгердің қалың оқырман назарын аударған маңызды тарихи-танымдық еңбектері баршылық. Соның бірегейі ретінде екі мыңыншы жылдардың басында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Мәңке бидің Нострадамустан несі кем?» атты мақаласының орны бөлекше көрінеді. Бұл шығармасы сол жылдары жұртшылық арасында рухани сілкініс әкелген тың еңбек болғаны әлі есімізде.

Серікқали Байменшенің елеулі елдік еңбегі дипломатия саласында көрінді. 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігінде, кейін Еуразиялық экономикалық комиссияда дипломат мәртебесінде жауапты қызметтер атқарған дипломат Серікқали Байменше осы кезеңде бойға біткен қаламгерлік, журналистік қасиетіне орай мемлекет үшін маңызды оқиғаларды қалт жібермей, дер кезінде араласып, көптеген іс-шараның бастамашысы һәм атқарушысы болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Соларды саралап айтып көрейік.

Қазақстан Жазушылар одағының, Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, филология ғылымдарының докторы, профессор, дипломат Серікқали Ердіғалиұлы Байменшенің жұртшылыққа жете белгілі қыры – ғалым-зерттеушілігі. Ол жазушы Бейімбет Майлиннің шығармаларын терең зерделеп, осы тақырып бойынша кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғады.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАЗУЫ



Қазақтың тұңғыш басылымы саналатын «Айқап» журналының тарихымен жақсы таныс С.Байменше кезінде журналдың алда болатын 100 жылдығы қарсаңында 2009 жылы Омбы қаласында өткен «Казахи в России: история и современность» деп аталатын халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Первый казахский общенациональный журнал» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасап, жан-жақтан жиналған ғалымдар мен зерттеушілерге, Ресейдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне бірінші рет «Айқап» журналы туралы толық мәлімет берді. Осы отырыста ол «Айқап» журналының 100 жылдығына орай Ресей жерінде ескерткіш белгі орнату жөнінде мәселе көтерді.

С.Байменше Челябі облысындағы Троицк қаласының әкімшілігінде, оқу орындарында, өлкетану мұражайында, басқа да тарихи орындарда болып, «Айқап» журналы жөнінде көптеген мәлімет жинады. Троицк қаласында XX ғасыр басында оншақты жекеменшік баспахана болған екен. «Айқап» өз кезінде Шмуль Сосновскийдің иелігіндегі әрі оның өзі басқарған «Энергия» баспаханасында басылып шыққан, 1911-1915 жылдары шыққан «Айқап» нөмірлерінің титул бетінде нақ осы баспахана көрсетілген.

С.Байменше осы іссапарлары барысында «Айқапты» бес жыл бойы басып шығарған ескі «Энергия» баспаханасының екі қабатты ескі үйін тапты. Кейін Ресей жеріндегі осы ескі үйдің қабырғасына «Бұл ғимаратта 1911-1915 жылдары «Айқап» атты тұңғыш қазақ журналы шығарылды. Редакторы – ақын әрі ағартушы Мұхамеджан Сералин» деген сөздер жазылған ескерткіш тақта орнатылды.

Бұл дипломат С.Байменшенің Ресейде еңбек еткен жылдары сол елде тұратын отандастарымыздың өз тарихын ұмытпауы үшін жасаған көп еңбегінің бір мысалы ғана еді. Орынборда шыққан атақты «Қазақ» газетінің басқармасы тұрған үйге ескерткіш тақта қою ісінің басы-қасында да Серікқали Ердіғалиұлы жүрді.

Серікқали Байменше Ресейдегі елшілікте қызметте жүрген кезінде 30-жылдардағы қуғын-сүргін құрбандарының тағдыр-талайы жөнінде тағылымды іс тындырды. Қаламгер осы кезеңде мұрағат материалдарын, жалпыресейлік тарихи-ағарту, қайырымдылық қоғамдарының қызметін пайдалана отырып, көп жұмыс атқарды. Ол қарапайым халыққа есімі белгілі, белгісіз азаматтардың жатқан жерлері, өмір тарихы жөнінде біраз дерек жинады.

Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Ресейдегі өкіл тілшісі міндетін қоса атқара жүріп, осы тақырыптарды қамтитын, «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Құпия құлпытас», «Бесеудің бесігі» сияқты очерк-эсселері ел есінде қалып, көпшілік тарапынан елеулі ықылас тудырғаны белгілі.

Журналист-жазушы, ғалым, аудармашы, дипломат Серікқали Байменшенің Қазақстанның Мәскеудегі елшілігіндегі, халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық комиссиядағы еңбегінің елеулі жемісі халықаралық қатынаста қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтумен тығыз байланысты. Ол дипломатия саласындағы көптеген терминнің бір ізге келтірілуіне, олардың орнымен әрі дұрыс қолданылуына, қазақстандық дипломаттардың, халықаралық мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді жан-жақты меңгеруіне көп еңбек сіңірді. Соның бірі оның басшылығымен және тікелей қатысуымен ТМД аумағында алғаш рет тізілген көп тілді сөздік болса керек. «Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерінде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері» деп аталатын алты тілдегі (орыс-армян-белорус-қазақ-қырғыз-ағылшын) анықтамалық басылым-сөздікте 2800-ден астам сөз бен сөз тіркесі топтасты.

Қай салада жүрсе де, өзінің адами, азаматтық, кәсіби, ғылыми қолтаңбасымен оқшау тұратын, өзіне тапсырылған кез келген істі абыроймен атқаратын абзал да ардақты азаматтың осынау халықаралық қызметші мәртебесіндегі атқарған істері елдік мұратпен ұштасып, елдік еңбекке айналғаны мақтауға да, мақтануға да сыйысады.

Сыртқы істер министрлігінің Нәзір Төреқұлов атындағы «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін» медалінің, сыртқы саясат саласының «Еңбек ардагері» медалінің иесі, дипломат Серікқали Байменшенің көркем-публицистикалық және ғылыми шығармашылығы «Бейтаныс Бейімбет», «Ғайып қалам», «Жігер» сынды монографиялық еңбектерінен, «Тағзым», «Зергердің зертханасы», «Сәт сағат», «Сырдесте», «Уақыт уәжі», «Тары тариххаты», «Жерде жазған жұлдыз» секілді тарихи-танымдық кітаптарынан айқын көрінеді.

Мемлекетік терминология комиссиясының мүшесі ретінде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолында атқарылуға тиіс көкейтесті мәселелерді ортаға салып, бүгінгі аударма жайын қозғап, сөзжасам практикасына, термин түзуге қатысты нақты ұсыныс-пікірлерін білдіріп жүрген әлеуметшіл қаламы да құрметке лайық. Өткен жылы жарық көрген «Тілге тілмаш» кітабы тақырыптық тұрғыда шетін мәселенің ширақтықпен шешілуін ұсынған өзіндік ерекшелігімен дара тұр.

Серікқали Байменше Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) аспиранты, аға оқытушысы болған кезінде жас журналистерді даярлау ісіне елеулі еңбек сіңірді. Оның «Баспасөздегі жанрлар жүйесі» еңбегі бүгінде журналистика мамандығы бойынша көмекші құрал ретінде пайдаланылып жүр. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде бірнеше мәрте мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мүшесі, төрағасы болды, диссертациялық кеңес құрамына сайланды, журналистика мамандығы бойынша жалпы және арнаулы курстар жүргізіп, маман кадрларды даярлауға атсалысты.

Ресей Аудармашылар одағының мүшесі Серікқали Байменшенің бірқатар шетелдік жазушының (П.Уайт, У.Гольдинг, Ч.Диккенс, Г.Фиш, Х.Мураками және т. б.) еңбектерін қазақ тіліне аударып, кейбіреуін жеке кітап етіп шығарғанын және Ресейде еңбек еткен кезінде жетпістен астам халықтың төл шығармаларын қазақ тіліне аударып, «100 ертегі» деп аталатын, оқырман арасында кең таралған елеулі ертегілер жинағын қазақ балаларына ұсынғанын да ұмытпағанымыз жөн.

Ардагер көсемсөзші қаламгердің әріптес інісі, танымал журналист Нұрмұқамбет Дияровтың:

Байменше Серікқали,
биіктесің,
Молдадай кейінгілер
ұйып көрсін.
Жазуы жақсылардың
сендей болсын,
Белбеуін жас буындар
түйіп келсін! – деп өлең сөзге ораған ақжармасы – рас тілек. Шынында, жақсылардың жазуы бөлек қой. Қашан да көсіле тербейтін ғазиз қалам иесі – тәлімгер ағаның алда да жаңа шығармашылық табысқа жетіп, биік белестерден өте беруіне тілектеспіз!

Жәнібек ЖҰМБЕРГЕНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, дипломат

СУРЕТСӨЗ



Ол отыз жеті жасында біздің Қаратерең-ге келді. Жалпы, сол жылдарда әртісің бар, ақының бар, жазушың бар, әйтеуір Аралға жолы түскен жақсы мен жайсаңның қай-қайсысы да теңіз қолтығына тығылып жатқан момақан ауылымызға бір соқпай өтпейтін.

ӨМІР ДЕГЕН – ШАХМАТТЫҢ ТАҚТАСЫ...

(Алашқа танымал Асанәлі)

Еті тірі жігіттер елге келген қонаққа қонышы қара санды қабатын резеңке етік кигізіп, моторлы қайыққа мінгізіп, көк айдынның төсін тілгілеп бара жатар еді. Теңізді көрдік деп олар мәз, тектіні көрдік деп біз мәз. Асанәліні де қонақжай қаратереңдіктер сол дәстүрлі жолмен қыдыртты. Дарияға сүңгітті, теңізге шығарды. Қабаданмен балық аулап, қарма пісіріп берді. Сол күні жел теңізден соғып тұрды. Мұндайда әншейінде төбесінен тоқпақтап ұрып, тұтқасын кемпірауызбен бұрап, каналдан каналға ауыстырып жататын тұмса телевизорымыз зорлық қылмай-ақ жақсы көрсетеді. Өзі жатқан үйдегі көгілдір экранды қарап отырған Асекең Қаратереңнің бүкіл телевизоры үнемі осылай судай көрсетеді екен деп ойлап қалды. Ол сол тұста ауылда небәрі он-ақ телевизор бар екенін қайдан білсін?!

Кешке тайлы-таяғымызбен төбесі ашық жазғы клубқа жас актер Асанәлі Әшімовпен кездесуге бардық. Қасында өнердің босағасынан енді ғана аттаған жерлесіміз, жап-жас әртіс Құдайберген Сұлтанбаев жүрді. Негізі, Арал аймағына бұлармен бірге Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешова да келіпті. Ол екеуі аудан орталығында қалыпты. «Көрермендермен кездесуде Меруерт пен Құман «Қыз Жібек» фильміндегі киімдерін киіп отырыпты. Мына Бекежанға алаңдағанша, сонда баруымыз керек еді», – деп желдей есті Қаратереңнің ақпарат министрінің міндетін қиналмай атқара беретін менің қадірлі жеңешелерім.

Содан Асанәлі ағам кеңінен көсілді. Киноның сан түрлі құпиясын армансыз ақтарды-ай келіп. «Қыз Жібектің» қызықтары мен шыжықтары бірінен-бірі өтеді. Ғажайып фильмге қапысыз сенген басым, Бекежанға еріп келгендердің өз аузынан «Төлегеннің киімінің ішіне, жауырын тұсына екі елі тақтай салып қойып, жебені соған қададық қой» дегенді естігенде жүдә біртүрлі болдым. Жәмән боп қалады екенсің. Оның үстіне фильм түсіру барысында Бекежан – Асанәлі байқаусызда найзаны қате сілтеп, Төлеген – Құманды шынымен де жазым ете жаздаған сияқты.

Содан бері көп жыл өтті. Асанәлі Әшімовпен аратұра жұмыс барысында жүздесіп қаламыз. Бірақ қоян-қолтық араласудың сәті түсе қоймапты. Сондықтан оған баяғы Қаратерең сапары туралы айтудың да реті келмеді. Тек бүгін Шүкір Шахайдың қазыналы қоржынынан алпамсадай Асекеңнің шахмат тақтасына үңіліп, бір пешканы қозғайын деп, ойланып отырған ғаламат суретін көріп, баяғы балалық шағымдағы, яғни өзімнің де «пешка» кезімдегі оқиғалар көз алдыма тізбектеліп келе қалғаны... Ақындар айтқандай, өмір деген – шахматтың тақтасы... Ойнаса, мәтр ойнасын оны...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ҚҰРДАСЫ







Аманғали ҚАЛЖАНОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

1991 жылдың 15 қарашасында театр шымылдығы Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясымен ашылды. Содан 2 жыл өткен соң өнер ошағына Қалибек Қуанышбаевтың есімі берілді. Театрға әр жылдары Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Жақып Омаров, Қазақстанның Халық әртісі Қадыр Жетпісбаев, КСРО Халық әртісі, Халық қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов жетекшілік етіп, өнер ошағының өрлеуіне өлшеусіз үлес қосты. Қаллеки театры атанған ұжым, тұтастай алғанда, елорда мәдениетінің қалыптасуына зор еңбек сіңірді.

Мәдениет ошағы өсу жолында «академиялық», екі жыл бұрын Мемлекет басшысының Жарлығымен «ұлттық» мәртебесін иеленді. Жаңа еңселі, кең ғимаратқа ие болып, шығармашылық мүмкіндігі кеңейді. Бүгінде Қуанышбаев театрында 5 Халық әртісі, 29 Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері еңбек етіп жатыр. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы, «Серпер» жастар одағы сыйлығының лауреаттары да бар. Аға буын, орта буын және жаңа толқын жастар мәртебелі өнерге қызмет етуде. Бұл қатарда Халық әртістерін атап өтсек, Қорлан Қалиламбекова, Гүлжан Әспетова, Тілектес Мейрамов, Болат Ыбыраев және жуырда ғана осы атақты иеленген Нұркен Өтеуіл көрермендердің сүйіспеншілігіне бөленіп келе жатыр.

Театр репертуарында ұлттық және әлемдік драматургияның классикалық туындылары, заманауи қойылымдар мен музыкалық спектакльдер кеңінен қамтылған. Атап айтқанда, Мұхтар Әуезовтің «Абай», «Айман-Шолпан», «Қарагөз», Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн», «Қызыл орамалды шынарым», Уильям Шекспирдің «Отелло», «Ромео мен Джульетта», Антон Чеховтің «Шие», Гәнжауи Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн», Серік Тұрғынбекұлының «Мұқағали», «Шәмші», Таласбек Әсемқұловтың «Құнанбай», Роза Мұқановаңың «Бопай ханым», Думан Рамазанның «Жошы хан», Төлен Әбдіктің «Парасат майданы», Әбіш Кекілбайұлының «Күй», Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» және өзге де спектакльдер елорданың мәдени өміріне серпін беріп келеді. Музыкалық қойылымдар театрдың симфония оркестрі мен халық аспаптар ансамблінің сүйемелдеуімен өтеді.

Салтанатты кеште Қазақстанның вице-президенті Ерлан Қариннің, Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаевтың, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтаулары оқылды.

«Құрметті Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының ұжымы! Сіздерді 35 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! 35 жылдық шығармашылық жол – ұлттық өнерге деген адалдықтың, қажырлы еңбек пен үздіксіз ізденістің жарқын көрінісі. Осы жылдар ішінде театр қазақ сахна өнерінің үздік дәстүрлерін жалғастырып, елордамыздың рухани, мәдени өмірінде өзіндік орны бар іргелі өнер ордасына айналды. Ұлттық мәдениетімізді дамытуға қосқан елеулі үлестеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық шабыт пен жаңа жетістіктер тілеймін!» делінген Астана әкімінің құттықтауын қалалық Мәдениет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ақерке Жұманбаева оқып берді.

Салтанатты кеш барысында концерт бағдарламасы ұсынылып, «Ана – Жер-ана», «Кеш» спектакльдерінен үзінділер көрсетілді. Өнер ұжымының тынысынан қызықты естеліктер айтылып, өмірден өткен өнерпаздар еске алынып, олардың рухына тағзым жасалды. Бұл кеште еленбей ешкім қалмады, сахна сыртындағы мамандарға дейін құрмет көрсетілді.

Мерейтойын атап өткен ұжым ұлттық өнер дәстүрін сақтай отырып, театр кеңістігін жаңа ізденістермен және заманауи көркем шешімдермен толықтыруды бастап кетті.



КОНКУРДАН ТОП ЖАРДЫ

Астанадағы «Арғымақ» ат спорты кешенінде конкурдан ел чемпионаты өтті. Екі күнге созылған басты республикалық додаға өңірлерден үздік шабандоздар қатысты.

Жарыс бағдарламасы бойынша спортшылар екі деңгейде – «А» тобында (кедергі биіктігі 130-140 см) және «В» тобында (кедергі биіктігі 120-130 см) бақ сынады.

Ең жоғары санаттағы бәсеке аса тартысты өтті. Екі күннің қорытындысы бойынша 3 шабандоз бірдей 4 айып ұпайын жинап, чемпиондық атақ қайта секіру кезеңінде сарапқа салынды. Шешуші сәтте Дайана Онаева (Cherry JVH Z тұлпарымен) кедергілерді қатесіз әрі ең жылдам уақытта (39,54 сек) еңсеріп, 2026 жылғы Қазақстан чемпионы атанды.

«А» тобының жүлдегерлері: 1. Дайана Онаева (Cherry JVH Z, «Дарнис» АСК, Алматы); 2. Бекжан Байжанұлы (First of All, Алматы обл. ДРС); 3. Аян Ғани (Moos, «Haragun Stables», Алматы).

«В» тобында алматылық Аян Ғани (Quattro VDB) екі күндік маршрутты бірде-бір айып ұпайынсыз аяқтап, турнир жеңімпазы атанды. Екінші орынды Софи Кожевникова (Kaloubet BH), үшінші орынды Эстелла Бабаян (Таймаз) иеленді.

ТОҚЫМА ӨНЕРІНДЕГІ ТАРИХ

Qazaq Creative Hub-та Assolyaa лақап атын иеленген суретші Әсел Сабыржанқызының Arqau/Threads атты мультимедиа көрмесі ашылды.



Суретшінің айтуынша, арқау – қазақтың дәстүрлі тоқымашылық өнерінде матаның негіз жіптерімен айқаса өріліп, тұтас өрнекті қалыптастыратын көлденең жіп. Бұл көрмеде арқау өткен мен бүгінді, ұрпақтар мен дәуірлерді, адам мен оның түп тамырын жалғап тұрған көзге көрінбес байланыстың символына айналды. Ал threads атауы «жіптер» деген мағынаны берумен қатар, цифрлық дәуірдегі әлеуметтік желіні еске түсіреді.

Ісмер өзінің авторлық «KilemArt» техникасы арқылы дәстүрлі кілемдерге жаңа көркемдік мазмұн береді. Кілемнің төл өрнектері мен бояу үндестігін сақтай отырып, заманауи граффити өнерінің тәсілдері арқылы тарихи тұлғалар мен бейнелерді шебер үйлестіреді.

«Мен үшін әлем миллиондаған адам тағдыры, тарихы мен мәдениеті тоғысқан алып кілем іспетті. Көзге көрінбейтін жіптер бізді өткеніміз бен, төл тамырымызбен және бір-бірімізбен байланыстырып тұрады. Уақыт өзгеріп, технологиялар арадағы шекараларды жойғанымен, бұл байланыстар ешқашан үзілмейді. Өз туындыларымда дәстүр мен заманауи өнерді тоғыстыра отырып, бір нәрсеге сенемін. Мәдени мұрамыз тек көздің қарашығындай сақтап келген құндылықтарымызда ғана емес, келер ұрпақ үшін бүгін жасап жатқан дүниелеріміз де де өмір сүреді» дейді Әсел Сабыржанқызы.

Оның тағы бір туындысы «Қорқыт ата» деп аталады.

«Қорқыт ата – даналықтың, рухани мұраның және мәңгілік өмірді іздеудің символына айналған ұлы ойшыл әрі қобыз өнерінің негізін қалаушы. Бұл туындыда қазақ халқының рухани мұрасы, музыкасы мен дәстүрінің терең байланысы көрініс тапқан» дейді суретші бұл жөнінде.

Оның шығармаларының арасында әншілер Батырхан Шөкенов, Жанар Дұғалова, спортшылар Геннадий Головкин, Елена Рыбакина, әлемдік жұлдыздар Энрике Иглесиас, Криштиану Роналду бар. Суретші Джекки Чан мен Дженифер Лопес бейнеленген туындыларды олардың өздеріне сыйлады.

Аталмыш көрмені 27 қарашаға дейін тамашалауға болады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №136
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Шапағат ӘБДІР**